

SUMMER RELAY

2025 ЖЫЛҒЫ «SUMMER RELAY»
ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ


ЕРЕЖЕ

SUMMER RELAY

Мақұлдаймын

«Бірінші болу - батылдық» корпоративтік қорының

Атқарушы директоры



_____ / Казыбаева С. Н.

«10» шілде 2025 ж.

2025 ЖЫЛҒЫ «SUMMER RELAY»
ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

МАЗМҰНЫ:

1. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ МАҚСАТТАРЫ	4
2. ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ	4
3. ЖАРЫСТЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ	5
4. ЖАРЫС ӨТКІЗІЛЕТІН ОРЫН МЕН УАҚЫТЫ	5
5. ЖАРЫС ҚАШЫҚТЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЖАС САНАТТАРЫ	6
6. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ	6
7. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУҒА РҰҚСАТ БЕРУ	7
8. СӨРЕЛІК ЖИНАҚТАРДЫ БЕРУ	9
9. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (КЕЙІНІРЕК ЖАРИЯЛАНАДЫ)	10
10. ҚАШЫҚТЫҚТАРДЫ ӨТУГЕ БЕЛГІЛЕНГЕН УАҚЫТ ШЕКТЕРІ	10
11. САҚТАУ КАМЕРАСЫ	11
12. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ	11
13. ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ	12
14. ЖАРЫС КЕЗІНДЕ ӨЗІН ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	13
15. ЖАРЫСТАН ШЕТТЕТУ	14
16. ЖАРЫСТЫҢ ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ	15
17. ФОРС-МАЖОР	16
18. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН КІНӨРАТ-ТАЛАПТАР	17
19. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН АККРЕДИТТЕУ	17
20. ЖАРЫСТЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕРІ	17
21. ЖАРЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ ҚҰҚЫҚТАРЫ	18
22. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	18

ЕРЕЖЕ

2025 жылғы «Summer Relay» жүгіру жарысын өткізу туралы ереже

2025 жылғы «Summer Relay» (бұдан әрі – «Жарыс») – бес адамнан тұратын командаға арналған 10 км қашықтықты қамтитын жазғы эстафеталық жүгіру, оған қоса мыналар да кіреді:

- 2000 метр (балалар жарысы)
- 1000 метр (балалар жарысы)
- 500 метр (балалар жарысы)

Бұл – Алматы қаласының әрбір тұрғыны мен қонағы қатыса алатын жүгіру мен спорт әуесқойларының қалалық мерекесі.

1.

ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ МАҚСАТТАРЫ

- Жүгіру мен скандинавиялық жүрісті дамыту;
- Жүгірушілерді халықаралық марафондарға дайындау;
- Дені сау халықты қалыптастыру;
- Өлеуметтік спортты дамыту;
- Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарының арасында салауатты өмір салтын ұстануды дамыту;
- Жаман әдеттерден бас тарту;

2.

ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ

2.1.

Жарысты өткізу кезінде жалпы басшылықты «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

2.2.

Жарысты дайындау мен өткізуді ұйымдастыру «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – «Ұйымдастыру комитеті») жүктеледі.

3.

ЖАРЫСТЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ:

3.1.

Жарысқа келесі тұлғалар қатыса алады:

- Кәсіби спортшылар мен әуесқойлар;.
- Өртүрлі жас санатындағы қатысушылар (қашықтыққа байланысты анықталады).

3.2.

Қатысу құқығы тек ресми ұйымдастыру комитетінің сайтында тіркеліп, сөрелік жарнаны төлеген қатысушыларға ғана беріледі.

3.3.

Қатысушылар келесі талаптарды орындауға міндетті:

- almaty-marathon.kz сайтында тіркеуден өту;
- Өзекті жеке мәліметтерді көрсету;
- Осы Ережеде көрсетілген жарыс сақтау.

3.4.

Жарысқа келесі жас санатындағы қатысушылар жіберіледі:

- 10 км (эстафета) – 15 жастан жоғары қатысушылар;
- 2000 метр (балалар жарысы) – 12-14 жас;
- 1000 метр (балалар жарысы) – 9-11 жас
- 500 метр (балалар жарысы) – 4-5 және 6-8 жас.

3.5.

Жас шектеулері қатысушының жарыс өтетін күнгі толық жасына сәйкес есептеледі.

4.

ЖАРЫС ӨТКІЗІЛЕТІН ОРЫН МЕН УАҚЫТЫ

4.1.

Жарыстың өтетін күні мен уақыты:

2025 жылдың 26 шілдесінде, сағ. 17:00-ден 24:00-ге дейін.

4.2.

Жарыстың өтетін орны: «Almaty Arena» мұз сарайы.

4.3.

Барлық қашықтықтардың сөресі мен мәресі: «Almaty Arena» мұз сарайы.

5.

ЖАРЫС ҚАШЫҚТЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЖАС САНАТТАРЫ

5.1.

Жарыс бағдарламасына мына қашықтықтар енгізілді:

- Эстафета (10 км)
- 2000 метр (балалар жарысы)
- 1000 метр (балалар жарысы)
- 500 метр (балалар жарысы)

5.2.

Жарыстың жас санаттары:

5.2.1.

2000 м (балалар қашықтығы) қашықтыққа жарыстың жас санаттары:

- 12-14 жас

5.2.2.

1000 м (балалар қашықтығы) қашықтыққа жарыстың жас санаттары:

- 9-11 жас

5.2.3.

500 м (балалар қашықтығы) қашықтыққа жарыстың жас санаттары:

- 4-5 жас
- 6-8 жас

6.

ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ

6.1.

Жарысты ұйымдастыру және өткізу шығындарын Ұйымдастыру комитеті көтереді.

6.2.

Жарыстың жол жүрумен, орналасумен және тамақтанумен байланысты шығындарын қатысушыларды іссапарға жіберген ұйымдар немесе Жарысқа қатысушылардың өздері көтереді.

7.1.

Жекелеген қашықтықтар бойынша (2000 м, 1000 м, 500 м – балалар қашықтықтары) қатысушыларды тіркеу almaty-marathon.kz сайтында 2025 жылдың 10 маусымынан басталады және 2025 жылдың 20 шілдесінде немесе 1300 (бір мың үш жүз) қатысушы тіркелген сәтте аяқталады.

7.2.

Командалық эстафетаға тіркеу www.almaty-marathon.kz сайтында 2025 жылдың 10 маусымынан бастап жүргізіледі және 2025 жылдың 20 шілдесінде немесе 200 (екі жүз) команда тіркелгенде аяқталады.

7.3.

«Business» санатындағы корпоративтік қатысушыларды тіркеу info@almaty-marathon.kz электрондық поштасы арқылы сұраныс негізінде жүзеге асырылады.

Корпоративтік қатысушылар – жарысқа қатысуы ұйым немесе компания есебінен төленетін командалар. Төлем ұйымдастыру комитетінің есепшотына жүргізіледі.

Төлем шоты команда өкілі тарапынан жіберілген сұраныс негізінде беріледі.

www.almaty-marathon.kz сайтында тіркеуден өткеннен кейін, команда өкілі төлем шотын алу үшін команданың ID-нөмірін ұсынуы қажет.

Сөрелік жарналар «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының жарғылық қызметін қолдау мақсатында қатысушылардың қайырымдылық көмегі болып табылады. Бұл қаражат аталған іс-шараны ұйымдастыруға бағытталады және коммерциялық табыс болып саналмайды.

7.4.

Келесі қатысушы Жарысқа тіркелген болып саналады:

1. almaty-marathon.kz сайтында нақты қашықтыққа тіркелген қатысушы;
2. қатысушының жеке нөмірін алған қатысушы;
3. сөрелік жарнаны төлеген қатысушы

Жарыстың қатысушылар тізіміне өтінім ақысын төлеген спортшылар ғана енгізіледі.

7.5.

Жарысқа тіркелу және сөрелік жарнаны төлеген қатысушы осы Ережеде баяндалған барлық шарттармен келіседі.

Қатысушы іс-шара ережелерімен танысқанын растайды, өзінің міндеттемелері мен жауапкершілігін түсінеді, сондай-ақ Ұйымдастыру Комитеті белгілеген барлық талаптарды сақтауға міндеттенеді.

7.6.

Жарыс қашықтықтарының сөрелік жарналарының құны:

- 10 км эстафета – 55 000 (елу бес мың) теңге
- 2000 м балалар қашықтығы – 8 000 (сегіз мың) теңге
- 1000 м балалар қашықтығы – 7 000 (жеті мың) теңге
- 500 м балалар қашықтығы – 6 000 (алты мың) теңге

7.7.

Қашықтықты өзгерту тек 2025 жылдың 13 шілдесіне дейін ғана мүмкін.

Слот сатып алынған жағдайда, қатысушы ұйымдастыру комитетіне хабарласып, қашықтықты ауыстыру үшін 1 000 теңге көлемінде төлем жасауы қажет.

Кіші қашықтықтан үлкенге ауысқан жағдайда айырмашылық төленуі тиіс.

Үлкен қашықтықтан кішіге ауысқанда айырма қайтарылмайды.

Ауыстыру тек таңдалған қашықтықта бос слоттар болған жағдайда ғана мүмкін. Қатысушыға жаңадан нөмір беріледі, ал бұрынғысы жойылады.

Ауыстыру үшін info@almaty-marathon.kz мекенжайына хат жолдау қажет.

«Мен» командасына әйел қатысушы қосылған жағдайда команда автоматты түрде «Mixed» санатына ауысады. Сол сияқты, әйелдер командасына ер адам қосылса.

Команда атауы сөрелік нөмірге тек 2025 жылдың 5 шілдесіне дейін тіркеліп, төленген жағдайда ғана енгізіледі. Атауда бейәдеп сөздерге жол берілмейді.

«Business» санатына өтінім берген командалар әрбір қатысушыдан жұмыс орнынан анықтама тапсыруы тиіс. Бұл анықтама корпоративтік жарысқа қатысудың міндетті шарты болып табылады.

Егер қатысушы слот сатып алып, бірақ ауру немесе жарақат себепті қатыса алмаса, команда оны басқа адаммен алмастыра алады. Ол үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет: сырқат парағы немесе дәрігердің қорытындысы және қатысушының жеке куәлігінің түпнұсқасы немесе көшірмесі. Ауыстыру туралы өтініш 2025 жылдың 24 шілдесі, сағат 18:00-ге дейін info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына жолдануы тиіс.

7.8.

Атаулы сөрелік нөмірлер 2025 жылдың 01 мамырын қоса алғандағы кезеңде тіркеліп, сөрелік нөмірдің ақысын төлеген кезде беріледі. Атаулы нөмірде сіздің сайтқа тіркелу кезінде «Аты» бағанына енгізген есіміңіз көрсетіледі. Нөмірде лақап аттар, әдепсіз сөздер, ұрандар және басқа да үндеулер көрсетілмейді.

Сөрелік нөмірді басып шығарудың алдында деректердің дұрыстығы тексеріледі. Көрсетілген мерзімнен кейін бастапқы нөмірде атау берілмейді және атаулы нөмірдің деректеріне өзгерістер енгізілмейді.

7.9.

Жарысқа қатысу үшін енгізілген қаражат қайтарылмайды. Дұрыс емес немесе басқа біреудің сәйкестендіру нөміріне жіберілген қаражат қайтарылмайды.

7.10.

Эстафетаға 15 жастан асқан қатысушылар ғана қатыса алады. Командада – 5 адам,

әрқайсысы 2 км қашықтықты жүгіріп өтеді. Бір қатысушының бірнеше команданың құрамында қатысуына немесе бірнеше айналым жүгіріп өтуіне тыйым салынады. Команда үшін қатысу құны – 55 000 теңге. Тіркеу мерзімі: 2025 жылдың 10 маусымынан 20 шілдесіне дейін немесе 200 команда тіркелгенге дейін. Қосымша сұрақтар бойынша info@almaty-marathon.kz поштасына жазыңыз.

7.11.

Сөрелік нөмірі жоқ қатысушылар Жарысқа жіберілмейді.

7.12.

Жарысқа қатысушы сөрелік нөмірін анық көрінетіндей етіп кеуде тұсына немесе арнайы белдікке орналастыруы тиіс.

7.13.

Жарысқа өзге біреудің нөмірімен қатысуға тыйым салынады. Жарысқа қатысушы өзінің сөрелік нөмірін басқа қатысушыға бергені белгілі болса, Ұйымдастыру комитеті екі қатысушыны да жарыстан шеттетіп, нәтижелерін жояды, сонымен қатар, екі қатысушыны да келесі 3 (үш) Жарысқа қатысу мүмкіндігінен айырады.

7.14.

Жарысқа құлаққаппен қатысуға тыйым салынады.

7.15.

Мүгедектігі бар қатысушылар тегін қатыса алады. Ол үшін 2025 жылдың 13 шілдесіне дейін info@almaty-marathon.kz электронды поштасына өтініш жіберу керек. Өтініште қатысушының:

1. тегі, аты,
2. қашықтығы,
3. мүгедектігін растайтын құжаттар.

Мүгедектігі бар адаммен бірге жүгіретін қатысушы қатысу ақысын жеке төлейді. Мүмкіндігі шектеулі қатысушыларға арналған орындар саны шектеулі. Егер барлық бос орындар бітіп қалған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті қатысушыға тегін слот ұсынудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

8.

СӨРЕЛІК ЖИНАҚТАРДЫ БЕРУ

8.1.

Жарысқа қатысушыларға сөрелік жинақтарды беру «25» шілде күні сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін, «26» шілде 2025 ж. сағат 10:00-ден 14:00-ге дейін жүргізіледі. Беру орны: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 5/2, Jurek Тау сауда орталығы.

Назар аударыңыз! Жарысқа қатысушыларға сөрелік жинақтар басқа күндері берілмейді.

8.2.

Сөрелік жинақ қатысушыға жеке тапсырылады. Басқа қатысушы үшін жиынақты алуға тыйым

салынады.

8.3.

Сөрелік жинаққа мыналар кіреді: бастапқы нөмір, нәтижені бекітуге арналған чип және түйреуіштер.

8.4.

Жарыстың корпоративтік қатысушылары бастапқы жиынтықтарды 2025 жылдың «25» шілде күні сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін, «26» шілде 2025 ж. сағат 10:00-ден 14:00-ге дейін осы Ереженің 8.1-тармағында көрсетілген кестеге сәйкес ала алады. Жиынтықты алу үшін жеке куәліктің түпнұсқасын немесе электрондық нұсқасын, сондай-ақ денсаулық жағдайы туралы қолхатты көрсету қажет. Басқа қатысушылар үшін бастапқы жиынтықтарды алуға тыйым салынады.

8.5.

Жарысқа қатысушылар мына құжаттарды ұсынған жағдайда ғана жарысқа жіберіледі:

18 жасқа толмаған қатысушылар үшін:

- Жеке куәлігі (түпнұсқасы немесе электронды нұсқасы) / Туу туралы куәлігі (қағазға басып шығарылған);
- Ата-анасының немесе қамқоршысының (қамқоршыларының) Жарысқа қатысуға рұқсат беретіні туралы қолхаты (қағазға басып шығарылған);
- Қолхатқа өз қолымен қол қойған ата-анасының немесе қамқоршыларының (қамқоршысының) жеке куәліктері (түпнұсқасы немесе электронды нұсқасы).

18 жастан асқан қатысушылар үшін:

- Жеке куәлігі (түпнұсқасы немесе электронды нұсқасы);
- Денсаулығы туралы қолхаты (қағазға басып шығарылған немесе онлайн қол қойылған).

Қатысушылар денсаулық туралы қолхатқа Almaty Marathon сайтында онлайн қол қоя алады немесе сөрелік жинақтар берілетін күні QR кодын сканерлеу арқылы қол қоя алады. Электронды қолтаңбамен қол қою үшін ЭЦҚ белсенді кілттерімен EGOV mobile қолданбасын пайдалану қажет. Электронды қолхат болған жағдайда, қағаз нұсқасы қажет болмайды.

8.6.

Егер қатысушы сөрелік жинағын алуды ұмытып кеткен / білмеген / үлгермеген болса, жарыстан кейін онлайн-трекер арқылы медаль беру мүмкін емес.

8.7.

Басқа жағдайлар 2025 жылдың 27 шілде күні сағ. 14:00-ге дейін info@almaty-marathon.kz электронды поштасына өтінім берген кезде жеке қарастырылады.

9. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (КЕЙІНІРЕК ЖАРИЯЛАНАДЫ)

10. ҚАШЫҚТЫҚТАРДЫ ӨТУГЕ БЕЛГІЛЕНГЕН УАҚЫТ ШЕКТЕРІ

- 10 км (эстафета) қашықтығын өту уақытының шектеуі – 2 сағат 00 минут,
- 2000 м қашықтығын өту уақытының шектеуі – 30 минут,
- 1000 м қашықтығын өту уақытының шектеуі – 20 минут,
- 500 м қашықтығын өту уақытының шектеуі – 20 минут.

11. САҚТАУ КАМЕРАСЫ

11.1.

Ұйымдастырушы қатысушы сөмкесінің ішіндегі заттардың сақталуына жауапты болмайды.

11.2.

Сақтау камерасына шабадандар, ірі көлемді сөмкелер және брендтелген сөмкеге салынбаған басқа да заттар қабылданбайды.

11.3.

Ұйымдастыру комитеті сөмкелердегі заттардың жоғалғаны туралы кінәрат-талаптарды қарастырмайды. Ұйымдастыру комитеті бағалы заттарды, қолма-қол ақшаны және әшекейлерді сақтау камерасына өткізбеуге кеңес береді.

12. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ

12.1.

Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс қатысушыларының нәтижелерін Жарыстың

электронды хронометраж жүйесі тіркейді және Жарыстың төрешілер алқасы растайды. Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау мәреге жету уақыты бойынша жүзеге асырылады.

12.2.

Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау World Athletics ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

12.3.

Жарыстың ресми нәтижелері Жарыс аяқталғаннан кейін 24 (жиырма төрт) сағат ішінде almaty-marathon.kz сайтында жарияланады.

Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың Жарыс ережелерін бұзғаны туралы ақпарат алған жағдайда, ол жарыс өткен орынға тексеру жүргізіп, фото- және бейнетіркеу материалдарын талдауға құқылы. Ереже бұзушылық расталған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті қорытынды хаттаманы өзгертуге құқылы, бұл қатысушылардың нәтижелерін қайта қарауды, олардың нәтижелерін жоюды немесе жарыс ережелеріне және World Athletics (бұдан әрі-WA) ережелеріне сәйкес басқа санкцияларды қамтуы мүмкін.

12.4.

Жарысқа қатысушының нәтижесі сөрелік нөмірі кеуде тұсында немесе арнайы белдікте дұрыс бекітілген жағдайда ғана тіркеледі.

12.5.

Жарыстың Ұйымдастыру комитеті төмендегі жағдайларда Жарысқа қатысушылардың жеке нәтижелерінің тіркелетініне кепілдік бермейді:

- Чип дұрыс бекітілмегенде.
- Чип магнитсізденгенде.
- Чип киіммен немесе басқалай жабылғанда.
- Қатысушы Жарыстың төрешілер алқасының шешімі бойынша жарыстан шеттетілгенде.
- Қатысушы чипті зақымдап алғанда.

12.6.

Өз нәтижесін қалай түсінуге болады – терминология:

- DNS – Did not start (қатысушы сөреге шықпады).
- DNF – Did not finish (қатысушы мәреге жетпеді).
- DSQ – Disqualified (қатысушы Жарыстан шеттетілді).
- CR – Championship Record (жарыстар рекорды).
- GUN TIME – қатысушының мәреге жету уақыты. Сөре белгісінің берілуінен бастап қатысушының мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт.
- CHIP TIME – Қатысушының жеке уақыты. Қатысушының сөре төсеніштерін кесіп өтуінен бастап мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт.

МАҢЫЗДЫ! ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕР ҚАТЫСУШЫНЫҢ GUN TIME МӘРЕГЕ ЖЕТУ УАҚЫТЫ БОЙЫНША АНЫҚТАЛАДЫ.

13.1.

«Business» санатындағы эстафетада 1-3 орын алған командалар марапатталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сертификаттар, кубоктар және бағалы сыйлықтар табысталады.

«Men», «Women», «Mixed» санаттарындағы эстафеталарда да 1-3 орын алған командалар марапатталады. Бұл қашықтықтағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер мадақтама қағазына, статуеткалар және бағалы сыйлықтарға ие болады.

13.2.

2000 м, 1000 м және 500 м қашықтықтарында жүлделі 1-3 орын алған ұлдар мен қыздар өз жас санаттары бойынша марапатталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге медальдар, мадақтама қағаздары және бағалы сыйлықтар беріледі.

13.3.

Белгіленген уақыт шегінде мәреге жеткен барлық қатысушылар мәрешінің естелік медалін алады.

13.4.

Ақшалай жүлделер Жарыс өткеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Жарыс жеңімпазының жеке банктік шотына аудару арқылы беріледі. Ақшалай жүлдені алу үшін Жарыс жеңімпазы Жарыс өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мына құжаттарды жіберуі тиіс:

- Қазақстан Республикасының резиденттері үшін: банктік шоттың болуы туралы анықтаманы, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін.
- Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін: жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін, банктің атауын, банк бөлімшесінің мекенжайын және ақшаны алатын қаланың атауын. Құжаттарды info@almaty-marathon.kz электронды поштасына жіберу қажет.

13.5.

Жарысқа қатысушы жүлделі орынды иеленгені үшін сыйлығын Жарыс кезінде алып кетпеген жағдайда, ол оны Жарыс өткеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде алып кете алады. Нақты беру орны ресми ақпарат дереккөздерде жарияланады. Жарысқа қатысушы сыйлықтарды өздігінен алып кете алмайтын және оларды алуды сенімді адамға табыстай алмайтын жағдайда, Жарыс жеңімпазы info@almaty-marathon.kz электронды поштасына Ұйымдастыру комитеті алушының есебінен сыйлықтарды жолдай алатын мекенжайды жіберуі тиіс. Бұл мүмкіндік Қазақстан Республикасының резиденттеріне ғана беріледі.

13.6.

Мерзім аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы жеңімпаздарға сыйлықтарды бермеу құқығын өзіне қалдырады.

Жарыстар World Athletics (бұдан әрі – WA) ережелері бойынша өткізіледі.

14.1.

Біздің ұсынымдарымыз:

- Екі және одан көп қатысушылармен бір қатарда жүгірмеу.
- Жай жүруге көшкенде жолдың оң жағын ұстану.

14.2.

Мыналарға тыйым салынады:

- Арбадағы спортшылардан және балаларға арналған арнайы жүгіру арбалары бар қатысушылардан басқа барлық адамдарға кез келген механикалық көлік құралдарын (самокат, велосипед, роликтер және т.с.с.) пайдалануға.
- Жарысқа құлаққаппен қатысуға. Қатысушы басқа жүгірушілердің, төрешілердің, ұйымдастырушылардың және Жарысты ұйымдастыруға тартылған адамдардың ескертулерін естуге міндетті.
- Жануарлармен қатысуға.
- Шараптан немесе есірткіден масаю күйінде қатысуға.
- Басқа қатысушыларға қауіпті болуы мүмкін кез келген заттармен қатысуға.
- Серуендеу арбаларымен қатысуға.
- Трассада тоқтауға. Өзін нашар сезінген жағдайда, қатысушы мүмкіндігінше Жарыстың басқа қатысушыларының қозғалысына кедергі келтірмей, тоқтап, жол шетіне шығуы қажет.
- Қатысушылардың қозғалысына және жарысты ұйымдастыруға кез келген басқа да тәсілдермен кедергі жасауға.
- Қатысушы тамақ немесе сусын алып жатқан кезде команданың ресми тұлғалары мен басқа да адамдардың ешқайсысы қатысушының жанында болуға, жүруге, жүгіруге құқылы болмайды.
- Ережені бұзғаны үшін қатысушы жарыстан шеттетіледі.

15.1.

Жарыстың Ұйымдастыру комитеті мына жағдайларда Жарысқа қатысушыны Жарыстан шеттетуге құқылы:

- қатысушы жүгіруді сөре ресми түрде басталмай тұрып бастағанда;

- қатысушы жүгіруді сөре аймағы жабылғаннан кейін бастағанда;
- қатысушы сөреге сөрелік нөмірсіз шыққанда;
- қатысушы Жарыстың Ұйымдастыру комитетінің, төрешілерінің немесе бас дәрігерінің нұсқаулары мен ескертулеріне назар аудармағанда;
- қатысушы Жарыс ережелерін бұзғанда;
- қатысушы 2 (екі) қашықтықта немесе 2 (екі) және одан көп команданың құрамында жүргенде, бұл қатысушының да, командалардың да Жарыстан шеттетілуіне алып келеді.

15.2.

– Медициналық көрсетімдер бойынша жарыс төрешілері берген немесе олардың басшылығымен берілген жағдайлардан басқасында, тамақты немесе суды ресми тамақтану орны болып табылмайтын басқа жерден алған;

– немесе басқа қатысушыдан алған қатысушыға төреші бастапқыда сары қағаз көрсету арқылы ескерту жасауы тиіс. Ережені екінші рет бұзғанда, төреші қызыл қағаз көрсету арқылы қатысушыны жарыстан шеттетуі тиіс.

15.3.

Ұйымдастыру комитеті Жарыс кезінде бейнекамера, мобильді телефон немесе смартфон, радио, плеер, құлаққап және басқа да аппаратура қолданған қатысушыны жарыстан шеттетуге құқылы.

15.4.

Жарысқа қатысушылар мына жағдайларда қорытынды хаттамадан шығарылады:

- қатысушы басқа адамға тіркелген нөмірмен жүргенде;
- қатысушы қашықтықты қысқартқанда;
- қатысушы өтінім берілмеген қашықтықта жүргенде;
- қатысушы механикалық көлік құралын (велосипедті, самокатты, басқаларын) пайдаланғанда;
- қатысушы жүгіруді сөре аймағынан тыс бастағанда;
- қатысушы жүгіруді өз кластерінен бастамағанда;
- қатысушы нақты жарыстың ресми нөмірінсіз жүргенде немесе нөмір киімнің астында жасырылғанда;
- қатысушы осы Ереженің қағидаларын бұзғанда.

15.5.

Қатысушы шараны ұйымдастырушыларға, төрешіге, волонтерларға қатысты әдепсіз, дөрекі немесе қорлайтын сөздерді қолданғаны үшін жарыстан шеттетілуі мүмкін.

15.6.

Жарысқа қатысушылардың рұқсат етілмеген саяси, әлеуметтік және т.с.с. митингтерді, арандатушылық үндеулерді, саяси үгіттеуді, наразылық акцияларын, демонстрацияларды өткізуіне, сондай-ақ саяси немесе әлеуметтік бағытпен байланысты кез келген атрибуттарды, логотиптерді пайдалануына тыйым салынады. Осы тармақты бұзғаны үшін қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

16.1.

Жарыстың төрешілер алқасы Жарыс ережелерінің сақталуын, Жарысқа қатысушылардың арасында спорттық доданың әділ және адал жүргізілуін, ал Жарыс жеңімпазының объективті түрде анықталуын мұқият қадағалайды. Жарысқа қызмет көрсететін барлық спорт төрешілері Жарыстың төрешілер алқасын құрайды.

16.2.

Жарыстың Төрешілер алқасының құрамына мыналар кіреді:

- Жарыстың Бас төрешісі

Жарыстың Бас төрешісі Жарыстың жекелеген төрешілері арасында міндеттерді бөледі және Жарыс аяқталғаннан кейін Ұйымдастыру комитетіне есеп береді.

- Жарыстың Бас хатшысы

Жарыстың Бас хатшысы хаттамаларды өңдейді және нәтижелерді қорытады, төрешілерді, қатысушыларды және көрермендерді жарыстың барысы туралы хабардар ету үшін қажетті материалдарды уақтылы дайындайды, ал Жарыс аяқталғаннан кейін нәтижелер бойынша жалпы есепті құрастырады.

- Жарыстың сөре-мәре аймағының төрешілері

Жарыстың сөре-мәре аймағының төрешілері жарыс кезінде ережелердің сақталуы және ешкімнің артықшылықтарға ие болмауы үшін Жарысқа қатысушылардың қашықтыққа кластерлерге сәйкес шығуын қатаң қадағалайды. Мәре түзуінде төрешілер алғашқы 50 (елу) мәрешіні мәре хаттамаларына тіркейді. Хаттамалар нәтижелерді хронометраж жүйесімен салыстырып тексеру үшін Жарыстың Бас төрешісіне ұсынылады. Жарыстың төрешілер алқасына кәсіби спортшылар мен мамандар шақырылуы мүмкін.

16.3.

Жарыстың Бас дәрігері

Жарыстың Бас дәрігері жарыс жолында және Жарыстың сөре-мәре қалашығында медициналық қызметкерлер мен Жарыс еріктілерінің жұмысына жетекшілік етеді. Қажет болған жағдайда, Жарыстың Бас дәрігері қатысушыны Жарыстан алып тастай алады.

17.1.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары/ұйымдары/қызметтері, соның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары тарабынан Жарысты өткізуге ресми тыйым салынған жағдайда, Жарыс кейінірек мерзімге ауыстырылады. Жарысқа қатысушылардың осыған дейін

төлеген барлық сөрелік жарналары автоматты түрде Жарыс өтетін жаңа күнге ауыстырылады. Жарысты өткізудің нақты жаңа күні осы Ереженің 20-бабында көрсетілген Ұйымдастыру комитетінің Ақпараттық дереккөздерінде, сондай-ақ қатысушының Жарысқа тіркелу кезінде көрсеткен электронды поштасына таратылым жіберу арқылы кейінірек хабарланады.

17.2.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілеріне байланысты Жарыстың басқа елден келетін шетелдік қатысушысы Жарыстың басталу қарсаңында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өте алмаған және Жарысқа қатыса алмайтын жағдайда, ол Ұйымдастыру комитетіне өзінің сөрелік жарнасын 2026 жылғы «SUM-MER RELAY» жарысына ауыстыру туралы өтінім бере алады. Бұл жағдайда өтінім info@almaty-marathon.kz электронды поштасына жіберілуі тиіс.

18. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН КІНӘРАТ-ТАЛАПТАР

18.1.

Наразылықтар Жарыстың Ұйымдастыру комитетіне беріледі және оларды Жарыстың төрешілер алқасы қарайды.

18.2.

Жарысқа Қатысушы Жарыс аяқталғаннан кейін күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде кінәрат-талап қоюға құқылы.

Кінәрат-талаптар info@almaty-marathon.kz электронды поштасына жіберіледі.

Кінәрат-талап қою кезінде Жарысқа қатысушы мына деректерді көрсетуі қажет:

- қатысушының аты-жөні (анонимді өтініштер қаралмайды);
- кінәрат-талаптың мәні;
- кінәрат-талап қою негіздері (фотосурет немесе бейнежазба).

18.3.

Жарыстың Ұйымдастыру комитеті наразылық және/немесе кінәрат-талап алынған мезеттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жарыс қатысушысына ресми жауап дайындайды, ол кінәрат-талап/наразылық берілген электронды адреске жіберіледі.

18.4.

Кінәрат-талаптар тек Жарысқа қатысушылардан ғана қабылданады.

19.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН АККРЕДИТТЕУ

19.1.

Бұқаралық ақпарат құралдарын Жарысқа аккредиттеу үшін деректерді (БАҚ атауы, тілшінің, оператордың, фотографтың аты-жөні, байланыс телефоны және e-mail адресі) 2025 жылдың 25 шілдесіне дейінгі мерзімде prmanager@almaty-marathon.kz электронды поштасына жіберу қажет.

20.

ЖАРЫСТЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

20.1.

Жарыс туралы толық ақпарат almaty-marathon.kz сайтында, сондай-ақ Ұйымдастыру комитетінің келесі әлеуметтік желі аккаунттарында орналастырылған:

- <https://www.facebook.com/almatymarathon/>
- <https://www.instagram.com/almatymarathon/>
- t.me/almaty_marathon
- <https://vk.com/almatymarathon>

Жарыстың Ұйымдастыру комитеті басқа ақпараттық ресурстарда орналастырылған ақпарат үшін жауапкершілік көтермейді.

21.

ЖАРЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ ҚҰҚЫҚТАРЫ

21.1.

Жарыс туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың: спорттық жарыстың бейнесін және (немесе) дыбысын кез келген тәсілмен және (немесе) кез келген технологияның көмегімен трансляциялаудың, сондай-ақ трансляцияны бейнежазбаға түсірудің айрықша құқығы «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорына (бұдан әрі — Құқық иесі) тиесілі.

Құқық иесі спорттық жарыс туралы ақпаратты жариялау құқықтарын үшінші тұлғалардың сатып алуы туралы жазбаша түрде шарттар жасасуға құқылы.

22.1.

Жарысты өткізу туралы осы Ереже Жарысқа қатысуға ресми шақыру болып табылады.

22.2.

Ұйымдастыру комитеті жарысқа қатысушыларға жазатайым оқиғалар, жеке заттарының жоғалуы немесе мүліктің зақымдануы салдарынан келтірілген залал үшін жауап бермейді.

22.3.

Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың денсаулығы үшін, сондай-ақ жарысты дайындау барысында немесе өткізу кезінде туындаған жарақаттар, аурулар немесе басқа да медициналық проблемалар үшін жауап бермейді. Әрбір қатысушы өзінің денсаулығы мен физикалық жағдайына толық жауап береді және қажет болған жағдайда жарысқа қатыспас бұрын медициналық тексеруден өтуге міндеттенеді.

22.4.

Ұйымдастыру комитеті Жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

ALMATY
MARATHON